3. Сканер қақпағындағы екі ілмектің де төменгі жағын басыңыз.





4. Кейінірек оны сканерден алып тастау үшін сканер қақпағын көтеріңіз.



Сканер қақпағын орнына салу

- ▲ Сканер қақпағындағы ілмектің ішкі ұясын (1-қалып) сканердің артқы жағындағы қара тірекпен (2-қалып) туралаңыз, басқа ілмекте де осылай жасаңыз және одан кейін сканер қақпағын төмен басыңыз.

 **Ескертпе** Сыртқы ұяшықты емес, ішкі ұяшықты қара тірекпен туралағаныңызды тексеріңіз. Өйтпесе, сканер қақпағын аламастыра алмайсыз.



Техникалық қызмет және сканерлеу жабдықтарына тапсырыс беру

Желідегі www.hp.com/buy/parts мекенжайы бойынша сканерге қолдау көрсету веб-торабынан немесе жергілікті HP сатушысынан ішкі бөліктерді сатып алуға болады.

3 Ақаулықтарды жою

Бұл бөлім сканердің жалпы ақаулықтарына арналған шешімдерді береді.

Негізгі ақаулықтарды жою бойынша кеңес

Сканер әйнегіндегі дақтар немесе тығыс жалғанбаған кабельдер сияқты қарапайым мәселелер сканердің анық емес сканерлеуін, күтпеген мәнерде жұмыс істеуін немесе тіптен жұмыс істемеуін тудырады. Сканерлеу ақаулықтары туындаса, келесі элементтерді әрқашан тексеріңіз.

- Анық сканерленбейтін болса, сканер әйнегінің ластанбағанын немесе бүлінбегенін тексеріңіз. Солай болса, әйнекті тазартыңыз.
- Оптикалық таңбаны тану құралы (OCR) пернелер тіркесімін қолданып құжатты сканерлеп жатқан болсаңыз, түпнұсқа құжаттың жеткілікті анық және айқын сканерленетінін тексеріңіз.
- USB кабелінің сканер мен компьютер арасында қауіпсіз жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Сканерді компьютерге USB хабы немесе компьютердің алдындағы USB порты арқылы қоссаңыз, сканерді ажыратып, оны компьютердің артқы жағындағы USB портына қосыңыз.
- Компьютерді қайта іске қосыңыз.
- Бағдарлама қатып қалса, оны жабыңыз.
 - **Windows: Диспетчер запар Windows** (Window тапсырмалар диспетчері) тілқатысу терезесін ашу үшін **CTRL, ALT** және **DELETE** пернелерін басыңыз. **Applications** (Бағдарламалар) қойыншасында жабылатын бағдарламаны таңдап, одан кейін **End Task** (Тапсырманы аяқтау) түймешігін басыңыз.
 - **Mac: Option** (Опция), **Command** (Пәрмен) және **Esc** пернелерін басып, ұстап тұрыңыз. **Force Quit** (Шығуды күштеу) тілқатысу терезесінде жабылатын бағдарламаны таңдап, одан кейін **Force Quit** (Шығуды күштеу) түймешігін басыңыз.

Сканерді орнату ақаулықтарын жою

Бұл бөлім орнату және реттеу ақаулықтарына арналған шешімдерді береді.

USB кабелін тексеру

Сканер мен компьютердің арасында USB кабелі қосылған.

- Сканермен бірге берілген кабельді қолданыңыз. Басқа USB кабелі сканермен сыйысымды болмауы мүмкін.
- USB кабелінің сканер мен компьютер арасында қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз.
- USB кабелі компьютердің артқы жағындағы USB портына қосылған болса, оны компьютердің артқы жағындағы USB портына жылжытыңыз.

Қосымша USB ақаулықтарын жою туралы қосымша ақпаратты www.hp.com/support веб-торабынан қарап, елді/аймақты таңдап, USB ақаулықтарын жою тақырыптарын табу үшін іздеу құралдарын қолданыңыз.

Бағдарламалық құралды жойып, одан кейін қайта орнату (тек қана Windows)

Толық орнатылмаған бағдарламалық құралды орнату сканердің танылмауын немесе бағдарламалық құралдың дұрыс іске қосылмауын туғызуы мүмкін. HP сканерлеу бағдарламалық құралын жоюға және қайта орнатуға әрекет жасаңыз. HP сканерлеу бағдарламалық құралын қайта орнату үшін, HP сканерлеу бағдарламалық құралының ықшам дискі болуы қажет.

1. **Пуск** (Бастау) > **Control Panel** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.
2. Келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Windows XP: **Add or Remove Programs** (Бағдарламаларды қосу не жою), **HP Scanjet 200/300** параметрлерін таңдап, **Remove** (Жою) түймешігін басыңыз.
 - Windows Vista және 7: **Programs and Features** (Бағдарламалар және мүмкіндіктер) немесе **Uninstall a program** (Бағдарламаны жою) тармағын таңдап, **HP Scanjet 200/300** параметрін таңдаңыз да, **Uninstall** (Жою) түймешігін басыңыз.
3. HP Imaging Functions (HP сурет функциялары) бағдарламасын жойыңыз.
 - Windows XP: **HP Imaging Device Functions 14.x** бағдарламасын таңдаңыз және **Удалить** (Жою) түймешігін басыңыз.
 - Windows Vista және 7: **HP Imaging Device Functions 14.x** бағдарламасын таңдаңыз және **Деинсталляция** түймешігін басыңыз.
4. Компьютерден сканердің USB кабелін ажыратыңыз.
5. Бағдарламаны сканермен бірге берілген HP сканерлеу бағдарламалық құралының ықшам дискісін пайдаланып қайта орнатыңыз.
6. Бағдарламалық құрал арқылы ескертілгенде, сканердің USB кабелін қайта жалғаңыз.

Сканерді іске қосу немесе аппараттық құрал ақаулықтары

Орнатудан кейін сканер жұмыс істемейтін болса немесе сканер дұрыс жұмыс істеуді тоқтатқан болса, келесі әрекеттердің біріне ұқсас компьютер экранында келесі хабарды көруіңіз мүмкін:

- Сканер басталмайды.
- Сканер табылмайды.
- Ішкі қателік орны алды.
- Компьютер сканермен байланыса алмайды.
- Сканер тізімделмеген және сондықтан оны пайдаланушылар сканерлеу үшін таңдай алмайды.

Ақаулықты шешу үшін келесі бөлімдерде сипатталғандай сканерді тексеріңіз:

Сканер параметрлерін қалпына келтіру

Сканерді пайдаланбақ болғанда «Сканерді іске қосу мүмкін болмады» немесе «Сканер табылмады» деген сияқты қате туралы хабар көрсетілсе, төмендегі процедураны орындаңыз:

1. Ашық болса, HP сканерлеу бағдарламалық құралын жабыңыз.
2. Сканерді компьютерге жалғайтын кабельді ажыратыңыз.
3. Сканерді компьютерге жалғайтын кабельді қайта қосыңыз.
 - Сканермен бірге келген USB кабелін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.
 - USB кабелі сканердің артына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Кабельдің ұшындағы USB таңбасы (қосқыш) жоғары қарап тұруы тиіс. Дұрыс жалғанған болса, USB қосқышы сәл бостау сезілетін болады. Дұрыс жалғанбаған жағдайда, USB қосқышы тым қатты сезілетін болады.
 - USB кабелін компьютердің басқа USB портына жалғап көріңіз. Егер USB кабелі компьютердің алдындағы портқа жалғанған болса, оны компьютердің артындағы портқа ауыстырыңыз.
4. Компьютерді өшіріп, 60 секунд күтіңіз де, компьютерді қайта қосыңыз.

Сканердің аппараттық құралын тексеру

Сканерде аппараттық құрал ақаулығы бар деп ойласаңыз, USB кабелінің сканерге және компьютерге нық жалғанғанын тексеріңіз. Кабель дұрыс жалғанған болса, келесі іс рәсімдерін қолданып сканерді сынақтан өткізіңіз:

1. USB кабелін сканерден ажыратыңыз.
2. USB кабелін сканерге қайта жалғаңыз.

Сканердегі жылжымалы қақпағы шамамен 10 мм (0,39 дюйм) алға және кері жылжиды.

Жылжымалы қақпақ жылжымайтын болса, сканердің аппараттық құрылғысында ақаулық болуы мүмкін. Келесі бөлімді жалғастырыңыз.

Сканер дұрыс жұмыс істемей тұр

Егер сканер сканерлеуді тоқтатса, рет-ретімен келесі қадамдарды орындаңыз. Әр қадамнан кейін сканердің жұмысын тексеру үшін, сканерлеуді бастаңыз. Егер мәселе шешілмесе, келесі қадамға өтіңіз.

1. USB кабелінің қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз.
2. USB кабелін ажырату арқылы сканерді өшіріп, одан кейін оны сканерге және компьютерге қайта жалғаңыз.
3. Компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
4. Сканердің бағдарламалық құралын жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз.

Сканер әлі де жұмыс істемесе, www.hp.com/support мекенжайына өтіңіз немесе HP компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз. Қосымша ақпаратты “Көмек алу” бетте 30 бөлімінен қараңыз.

Сканер жұмысының мәселелері

Сканер түймешіктері дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ

Әр қадамнан кейін, түймешіктердің жұмысын тексеру үшін, сканерлеуді бастаңыз. Егер жұмыс істемесе, келесі қадамды орындауды жалғастырыңыз.

- USB кабелі тығыс қосылғанын тексеріңіз.
- USB кабелін ажырату арқылы сканерді өшіріп, одан кейін оны сканерге және компьютерге қайта жалғаңыз.
- Мас жүйесін қолданып жатқан болсаңыз, барлық сканерлеу бағдарламаларының жабық болуын тексеріңіз. Басқа сканерлеу бағдарламасы (мысалы, Image Capture (Кескінді алу)) ашық болмаса, сканерлеу түймешіктері ғана қосылады.
- Компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.

Windows жүйесін қолданып жатсаңыз және ақаулық әлі де сақтаулы болса, HP сканерлеу бағдарламалық құралынан тыс түймешіктердің ажыратылған болуы мүмкін. Сканер сипаттарын тексеру үшін нұсқауларды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.
2. Сканерді таңдаңыз:
 - Windows XP және Vista: **Scanners and Cameras** (Сканерлер және камералар) түймешігін басып, тізімнен сканер үлгісін таңдаңыз.
 - Windows 7: **Devices and Printers** (Құрылғылар мен принтерлер) немесе **View devices and printers** (Құрылғылар мен принтерлерді қарап шығу) параметрін таңдап, сканер үлгісін таңдаңыз.
3. Сканер үлгісін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Свойства (Сипаттар)** пәрменін таңдаңыз.
4. Сканерге арналған түймешіктер параметрін сынақтан өткізіңіз:
 - Windows XP және Vista: **Take No Action** (Ешбір әрекетті орындамау) параметрі таңдалмаған.
 - Windows 7: **Hardware** (Аппараттық құрал) > **Properties** (Сипаттар) > **Driver** (Драйвер) тармақтарын таңдап, **Disable** (Ажырату) түймешігінің таңдалмағанын тексеріңіз.

Мәтінді тану құралы (OCR) бар мәселелер (Windows)

Беттегі мәтінді компьютерде өңдеуге болатын мәтінге түрлендіру үшін сканер мәтінді оптикалық тану (OCR) мүмкіндігін пайдаланады.

- Мәтін сканерленген, бірақ өңдеу мүмкін емес болса, сканерлеу кезінде келесі таңдаулар жасалғанын тексеріңіз:
 - **HP Сканерлеу (Құжат тармағын таңдаңыз.)**
 - **Сканерлеу: (Мәтінді өңдеу бағдарламасын немесе Файлға сақтау параметрін таңдаңыз.)**



Ескертпе **Save to File** (Файлға сақтау) параметрі таңдалса, өңделетін мәтінді жасайтын құжат түрі таңдалғанын тексеріңіз. Егер мәтін сызба ретінде сыныпталса, ол мәтінге түрлендірілмейді.

- Мәтінді сканерлеу параметрлерін өзгерту үшін, бастапқы **HP Scanning** (HP сканерлеу) экранындағы **Scan Document Settings** (Құжатты сканерлеу параметрлері) түймешігін басыңыз.

- Түпнұсқаларды тексеру
 - Бағдарламалық құрал тығыз орналасқан мәтінді танымауы мүмкін. Мысалы, бағдарламалық құрал түрлендіретін мәтін жоқ болса немесе күрделі таңбаларды қамтыса, «rn» «rn» ретінде көрінуі мүмкін.
 - Бағдарламалық құралдың тиянақтылығы кескін сапасына, мәтін өлшеміне және түпнұсқа құрылымы мен сканерлеудің өз сапасына байланысты болады. Түпнұсқаңыздың кескін сапасы жақсы болуын тексеріңіз.
 - Боялған өң алдыңғы жақтағы кескіндердің тым аралас болуына әкелуі мүмкін.
- Егер сканер әйнегі кір болса, сканерленген файлдың оңтайлы анықтығы болмайды. Сканер әйнегінің таза болуын тексеріңіз.

Мәтінді тану құралы (OCR) бар мәселелер (Mac)

Мәтінді сканерлесеніз, бірақ өндей алмасаңыз, келесі әрекетті тексеріңіз:

- Сканерлеу ажыратымдылығы параметрін тексеріңіз:
 - 200 dpi кескіндер сияқты құжаттарды сақтау үшін жеткілікті (JPEG немесе TIFF көптеген OCR бағдарламалары үшін ең жақсы шешім).
 - Көптеген тілдер үшін өңделетін мәтінді жасау мақсатында оптикалық таңбаны тану құралын қолданғанда 300 нүкте/дюйм тиімді болады.
 - Азия тілдері мен екі бағытты тілдер үшін ұсынылатын ажыратымдылық – 400 нүкте/дюйм.
- Түпнұсқаларды тексеру
 - Бағдарламалық құрал тығыз орналасқан мәтінді танымауы мүмкін. Мысалы, бағдарламалық құрал түрлендіретін мәтін жоқ болса немесе күрделі таңбаларды қамтыса, «rn» «rn» ретінде көрінуі мүмкін.
 - Бағдарламалық құралдың тиянақтылығы кескін сапасына, мәтін өлшеміне және түпнұсқа құрылымы мен сканерлеудің өз сапасына байланысты болады. Түпнұсқаңыздың кескін сапасы жақсы болуын тексеріңіз.
 - Боялған өң алдыңғы жақтағы кескіндердің тым аралас болуына әкелуі мүмкін.
- Егер сканер әйнегі кір болса, сканерленген файлдың оңтайлы анықтығы болмайды. Сканер әйнегінің таза болуын тексеріңіз.

Сканерленген кескін бұлдырап көрінеді

Сканерленетін элементтің сканер әйнегімен жанасып тұруы маңызды болып табылады. Нәтижесінде алынатын кескін айқын болмаса, элементтің сканер әйнегімен толық жанасып тұруын қамтамасыз етіңіз.

Сканер элементтерді өте баяу сканерлейді

- Мәтінді өңдеу үшін сканерлеп жатсаңыз, оптикалық таңбаны тану құралы (OCR) қалыпты әрекет болып табылатын сканердің жайырақ сканерленуін туғызуы мүмкін. Элемент сканерленгенше күтіңіз.



Ескертпе Windows: Оптикалық таңбаны тану құралының ең жақсы нәтижелері үшін сканердің қысу мүмкіндігі ең аз қысу деңгейіне орнатылуы немесе ажыратылған болуы қажет.

Мас: Біріктірілген OCR құралы ізделетін PDF тағайындалған орнының бөлігі болып табылады. Сурет файлын сканерлеуден кейін өңдегіңіз келсе, басқа OCR бағдарламасын қолданыңыз.

- Қажетінен жоғары ажыратымдылықта сканерлеу сканерлеу уақытын арттырады және қосымша басымдықтары жоқ үлкен файлды жасайды. Жоғары ажыратымдылықта сканерлеп жатсаңыз, сканерлеу жылдамдығын арттыру үшін төменірек деңгейдегі ажыратымдылықты орнатыңыз.

Сақталатын сканерленген файлдар тым үлкен

Сақталған сканерленген файлдар өлшемі тым үлкен болса, төмендегі әрекеттің бірін таңдаңыз:

- Сканерлеу ажыратымдылығы параметрін тексеріңіз:
 - 200 dpi кескіндер сияқты құжаттарды сақтау үшін жеткілікті (JPEG немесе TIFF көптеген OCR бағдарламалары үшін ең жақсы шешім).
 - Көптеген тілдер үшін өңделетін мәтінді жасау мақсатында оптикалық таңбаны тану құралын қолданғанда 300 нүкте/дюйм тиімді болады.
 - Азия тілдері мен екі бағытты тілдер үшін ұсынылатын ажыратымдылық – 400 нүкте/дюйм.

Қажетінен жоғары ажыратымдылықта сканерлеу қосымша басымдықтары жоқ үлкен файлды жасайды.

- Сканерлеуді TIFF немесе BMP сияқты қысылмаған пішімдердің орнына JPEG сияқты қысылған файл пішіміне сақтаңыз.
- Сканерленген суреттің тек қана қажет бөлігін қиып алыңыз.
- Түсті сканерлеу қара және ақ сканерлеуге қарағанда үлкенірек файлдар жасайды.
- Бір уақытта бірнеше үлкен бетті сканерлеп жатсаңыз, бір уақытта кішкентай файлдарды көбірек жасау мақсатында азырақ бетті сканерлеуді қарастырыңыз.

Сканер әйнегін тазалау керек

Сканер әйнегін келесі жағдайларда тазалаңыз:

- Әйнекке сия төгіліп кеткен.
- Әйнекте саусақ іздері қалып қойған.
- Элементтер тым қатты шаңданған немесе ластанған.
- Сканерленген кескіндерде жағылған не басқа белгілер байқалады.
- Әйнекке қырау басылған немесе ол буланған.

Келесі кескінді сканерлеуді бастамай тұрып, әйнектің толық кебуін күтіңіз.

Ақаулықтарды жою жөніндегі қосымша ақпарат

Қосымша ақпарат алу және ақаулықтарды жою үшін www.hp.com/support веб-торабына өтіңіз және сіз орналасқан елді таңдаңыз.

- Қосымша ақаулықтарды жою ақпараты үшін **Product Support & Troubleshooting** (Өнімге қолдау көрсету және ақаулықтарды жою) параметрін таңдап, сканер үлгісінің нөмірін іздеңіз.
- Сканер туралы жаңартылған ақпаратты алу үшін сканердің үлгі нөмірін енгізіп, **Enter** пернесін басыңыз.

Интернетке қатынас болмаса, “Көмек алу” бетте 30 бөлімін қараңыз.

4 Техникалық мәліметтер

Бұл бөлім сканерге және керек-жарақтарға арналған заңдық ақпаратты және өнім сипаттарын қамтиды.

HP шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

Сақтық нұсқаулары

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары


Барлық осы нұсқауларды оқып, барлық ескертулерді және сканерде белгіленген нұсқауларды орындаңыз.

- Осы құжаттағы ескерту, ескертпелер және жазбалар келесі әрекетті көрсетеді:
 - Денеге қауіпті болдырмау үшін ескертпелерді мұқият орындау қажет.
 - Жабдыққа зақым келтірмес үшін ескертпелерді сақтау қажет.
 - Жазбалар маңызды ақпаратты және осы өнімнің жұмыс істеуі бойынша пайдалы кеңестерді қамтиды.
- Кабельге оңай қол жеткізу үшін сканерді компьютерге жеткілікті жақын етіп орнатыңыз. Сканерді қатты лас не шаң жерге, суға, ыстық көздеріне жақын орынға немесе соққы, діріл, жоғары температура не ылғалдық бар, тікелей күн көзі, қатты жарық көздері түсетін, температураның не ылғалдылықтың жылдам өзгерістері бар орындарда қолданбаңыз. Ылғал қолды қолданбаңыз.
- Өнімнің белгісінде көрсетілген қуат көзінің түрін ғана қолданыңыз.
- Құралды кабель арқылы компьютерге не басқа құрылғыға жалғап жатсаңыз, қосқыштардың дұрыс бағдарды қамтамасыз етіңіз. Әрбір қосқышта бір дұрыс бағдар болады. Қосқышты дұрыс емес бағдарда салу кабель арқылы жалғанған екі құрылғыға да зақым келтіруі мүмкін.
- Қалыпты түрде қосылатын және өшірілетін фото көшірмелер немесе ауаны басқару жүйелері сияқты құрылғылар қолданатын бірдей розетканы пайдаланбаңыз.
- Сканер жалғанатын дербес компьютер жүйесі бар ұзартқыш сымын қолдансаңыз, ұзартқыш сымна жалғанған құрылғылардың жалпы ток көрсеткіші сымның ток көрсеткішінен аспайтынын тексеріңіз. Сондай-ақ, қабырға розеткасына жалғанған барлық құрылғылардың жалпы ток көрсеткішінің қабырға розеткасы ток көрсеткішінен аспайтынын тексеріңіз.
- Сканердің нұсқаулығында арнайы түсіндірілген жағдайдан басқа кезде сканерді өздігіңізден ешқашан бөлшектемеңіз, өзгертпеңіз немесе жөндеуге әрекет жасамаңыз.
- Бөліктердің ток соғу қаупі болғандықтан кез келген тесігіне ешбір затты салмаңыз. Электр тогы зақымдарынан абай болыңыз.
- USB ашасына зақым келсе, USB кабелін ауыстырыңыз.

- Сканерді ажыратып, келесі жағдайларда кәсіби қызмет көрсетуші маманның қызметіне жүгініңіз: сканерге сұйықтық кіріп кеткен, сканер түсіп кеткен не сол жағдайда зақымдалған, сканер дұрыс жұмыс істемейді не өнімділіктің әр түрлі өзгерісін береді. (Жұмыс істеу нұсқаулықтарында қамтылмаған басқару элементтерін реттемеңіз.)
- Тазартпас бұрын сканерді токтан ажыратыңыз. Тек қана дымқыл матамен сүртіңіз. Сұйық немесе аэрозольдық тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз.


Сканердің техникалық сипаттамасы

Атауы	Сипаттама
Сканердің түрі	Құжаттың планшеттік сканері
Мөлшері (Б x Т x Е)	44,5 x 274 x 373 мм (1,75 x 10,78 x 14,68 дюйм)
Түпнұсқалардың қолдау көрсетілетін өлшемі	Ең кіші өлшем: 0,25 x 0,25 мм (0,01 x 0,01 дюйм) Ең үлкен өлшем: 215,9 x 297,2 мм (8,5 x 11,7 дюйм)
Салмағы	1,76 кг (3,88 фунт)
Сканерлеу элементі	CIS сенсоры (CIS)
Интерфейс	USB 2.0 жоғары жылдамдықты және толық жылдамдықты
Аппараттық құрал ажыратымдылығы	HP ScanJet 300: 4800 x 4800 dpi, 48 bit HP ScanJet 200: 2400 x 4800 dpi, 48 bit
Нормативтік ақпарат	Үлгінің заңдық идентификациялық нөмірі: Заңды айқындау мақсаттары үшін өнімге заңды үлгі нөмірі тағайындалған. Өнімнің заңды үлгі нөмірі – FCLSD-1104. Бұл заңды нөмірді үлгі атымен (HP ScanJet 200, 300) немесе үлгі нөмірімен (HP ScanJet 200 сканері үшін L2734A нөмірі; HP ScanJet 300 сканері үшін L2733A нөмірі) шатастырмау қажет. Сканер туралы қосымша реттеу ақпаратын HP сканерлеу бағдарламалық құралының ықшам дискісіндегі ScanJet 200 and ScanJet 300 scanner Regulatory Supplement.pdf файлынан табуға болады.
Қуат туралы ақпарат	Tier 2 Energy Star '09 үйлесімді

 **Ескертпе** Қолдау көрсетілетін амалдық жүйелер мен жүйе талаптары туралы ең соңғы ақпаратты алу үшін www.hp.com/support веб-торабын қараңыз.

Қоршаған орта сипаттамалары

Атауы	Сипаттама
Температура	Сканерді пайдалану: 10° – 35°C (50° – 95°F)
	Сақтау: -40° және 60°C аралығында (-40° және 140°F аралығында)
Салыстырмалы ылғалдылық	Сканерді пайдалану: 15% – 80% (конденсанцияланбайтын) 10° мен 35°C арасында 50° мен 95°F арасында
	Сақтау: 0° және 60°C аралығында (32° және 140°F аралығында) 90%-ға дейін конденсациясыз

 **Ескертпе** HP компаниясы REACH (заңнама EC No 1907/2006, Еуропалық одақ пен ЕО кеңесі қабылдаған) сияқты құқықтық талаптарға сәйкес келетін өнімдерде қамтылатын химиялық заттар туралы пайдаланушыларға хабарлау туралы міндеттемені мойнына алады. Өнімге арналған химиялық заттар туралы ақпарат есебін www.hp.com/go/reach веб-торабынан табуға болады.

Энергия туралы ақпарат

ENERGY STAR® логотипімен белгіленген HP басып шығару және кескіндеу жабдығы АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің ENERGY STAR техникалық сипаттамаларына сәйкес келеді. Келесі белгі ENERGY STAR кәсіби кескін өнімдерінде көрсетіледі:



Қосымша ENERGY STAR кәсіби кескін өнімінің үлгісі туралы мәліметтер төменде тізімделген: <http://www.hp.com/go/energystar>

Зиянды заттарға қатысты шектеулер мәлімдемесі (Түркия)

Türkiye Cumhuriyeti: EEE Yönetmeliğine Uygundur

Зиянды заттарға қатысты шектеулер мәлімдемесі (Украина)

Технічний регламент щодо обмеження використання небезпечних речовин (Україна)

Обладнання відповідає вимогам Технічного регламенту щодо обмеження використання деяких небезпечних речовин в електричному та електронному обладнанні, затвердженого постановою Кабінету Міністрів України від 3 грудня 2008 № 1057

Қайта өңдеу және шектелген материалдар туралы ақпарат

Электрондық аппараттық құралдарды өңдеу

HP компаниясы тұтынушыларды пайдаланған электрондық аппараттық құралды өңдеуге шақырады. Қайта пайдалану бағдарламалары туралы толық ақпарат алу үшін мына веб-торапты қараңыз: www.hp.com/recycle.

Бұл веб-торап қосымша қоршаған орта туралы тақырыптарды да қамтиды:

- Осы және көптеген HP өнімдеріне қатысты өнімнің қоршаған орта туралы профайлының парағы
- HP компаниясының қоршаған ортаға қатысты жауапкершілігі
- HP компаниясының қоршаған ортаны басқару жүйесі

Өнімнің шектеулі материалдары

HP өнімдері қолданыстан шыққаннан кейін арнайы түрде өңдеуді қажет етуі мүмкін төмендегі материалдарды қамтымайды:

Еуропалық одақта қолданыстан шыққан жабдық қалдықтарын жеке үй жағдайларында жою



Өнімдегі немесе оның орамындағы осы таңба бұл өнімді басқа үй қоқыстарымен бірге тастауға болмайтындығын көрсетеді. Оның орнына, Сіз осы қоқыс жабдықты электр және электронды жабдықтарды қайта өңдеу үшін белгіленген жинау орнына өткізу арқылы тастау үшін жауапты боласыз. Тастау кезінде осы қоқыс жабдықты бөлек жинау және қайта өңдеу табиғат ресурстарын үнемдеуге және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі. Қайта өңдеу мақсатында қоқыс жабдықты өткізу орны туралы қосымша ақпарат алу үшін, жергілікті қалалық кеңсеге, үй қоқыстарын тастау қызметіне немесе өнім сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

5 Өнім қолдауы

Бұл бөлімде өнімге қолдау көрсету мүмкіндіктері сипатталады.

Қолжетімділік

Мүмкіндігі шектеулі тұтынушылар көмекті www.hp.com/hpinfo/community/accessibility/prodserv/ (тек ағылшын тілінде) торабына кіру арқылы алуына болады.

Көмек алу

Осы HP өнімін барынша тиімді пайдалану үшін, келесі стандартты HP өнімдерін қолдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз:

1. Өніммен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
 - Осы нұсқаулықтың/ықшам дискінің ақаулықтарды жою бөлімін немесе электрондық анықтаманы қараңыз.
 - Бағдарламалық құралдың ішіндегі электрондық анықтаманы оқып шығыңыз.
2. **HP желідегі қолдау** орталығына www.hp.com/support торабы арқылы кіріңіз немесе сатып алған жерге хабарласыңыз.

HP желідегі қолдауы барлық HP тұтынушыларына қол жетімді болады. Ол — өнім туралы соңғы жаңалықтарды алу және маманның көмегін алудың ең жылдам жолы. Маман көмегіне келесі мүмкіндіктер жатады:

 - Желідегі кәсіби қолдау көрсету мамандарының жылдам электрондық поштаға қатынасы
 - өнімнің бағдарламалық құралы мен драйверлерінің жаңартулары;
 - өнімге және техникалық ақаулықтарды жоюға қатысты маңызды ақпарат;
 - белсенді өнім жаңартулары, қолдау бойынша ескертулер және HP жаңалықтарының жаршысы (өнімді тіркегеннен кейін қол жетімді болады).
3. **HP телефон арқылы қолдауы**
 - Қолдау көрсету мүмкіндіктері және алынатын ақы өнімге, елге/аймаққа және тілге байланысты өзгеше болады.
 - Төлемдер мен саясаттар ешбір ескертусіз өзгертіледі.. Ең соңғы ақпаратты www.hp.com/support веб-торабынан тексеріңіз.
4. **Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін**

Шектеулі кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін, анықтаманы Интернеттен www.hp.com/support торабы бойынша алуға болады.

5. Кепілдік мерзімін ұзарту немесе жаңарту

Өнім кепілдігінің мерзімін созу немесе жаңарту керек болса, өнім сатып алынған жерге хабарласыңыз немесе www.hp.com/support торабындағы HP Care Pack қызметтерін тексеріңіз.

6. HP Care Pack қызметі сатып алынған болса, келісімдегі қолдау көрсету шарттарын тексеріңіз.

Индекс

- А**
ажыратымдылық 27
ақаулықтарды жою
 бұлдыр кескіндер 23
 жылдамдық 24
 негізгі кеңестер 19
 орнату 19
 сканер 21
 сканердің аппараттық құралын тексеру 21
 сканер параметрлерін қалпына келтіру 21
 түймешіктер 22
 үлкен сканерлеу файлдары 24
ақаулықтарын жою
 кабельдер 19
алдыңғы тақтадағы түймешіктер параметрлер 4, 11
Анықтама 14, 25
аппараттық құралды тексеру 21
- Ә**
әйнек, тазалау 15
- Б**
бағдарламалық құрал
 Анықтама 14, 25
 жою 20
 кепілдік 26
 құралынан сканерлеу 9, 14
 орнату ақаулықтарын жою 19
 параметрлер 4, 11
бағдарламалық құралды жою 20
бағдарламалық құралды орнату ақаулықтарды жою 19
бөлшектер, тапсырыс беру 18
- бұлдыр кескіндер, ақаулықтарды жою 23
бұлтақ сканерлеулер 8, 13
- В**
веб-тораптар
 Energy Star 27
 қайта пайдалану туралы ақпарат 29
 қалдықты тастау туралы ақпарат 29
 қолжетімділік 30
 техникалық қызмет жабдықтарына тапсырыс беру 18
- Д**
драйвер
 кепілдік 26
- Ж**
жабдықтар, техникалық қызмет 18
жұмыс ортасының сипаттамалары 28
жылдамдық ақаулықтарды жою 24
- З**
заңды үлгі нөмірі 27
- К**
кабельдер
 ақаулықтарын жою 19
кепілдік созылған 31
Кескінді алу
 Анықтама 14, 25
 параметрлері 4, 11
көмескі кескіндер, ақаулықтарды жою 23
көшіру сканер өйнегінен 9, 14
- Қ**
қайта пайдалану 29
қалдықты тастау 29
қол жетімді веб-торап 30
қоршаған орта сипаттамалары 28
қуат сақтық 26
құжаттар
 бұлтақ сканерлеу 8, 12
 сканерлеу 7, 11
 электрондық поштаға сканерлеу 8, 12
- М**
мәтін, өңделетін ақаулықтарды жою 22
мүмкінсіздік тұтынушылар 30
- Н**
HP Photosmart жою 20
- Ө**
өлшем сипаттамасы, сканер 27
өңделетін мәтін ақаулықтарды жою 22
- П**
параметрлер, сканерлеу 4, 11
принтер драйвері кепілдік 26
- С**
сақтау талаптары 28
сақтық 26
сканер ақаулықтарды жою 21
аппараттық құралды тексеру 21

Индекс

параметрлерді қалпына келтіру 21
сақтық 26
сканер әйнегі, тазалау 15
сканердің аппараттық құралын тексеру 21
сканердің техникалық сипаттамасы 27
сканерлеу
ICA бағдарламалық құралынан 14
TWAIN бағдарламалық құралынан 9
бұлтқа 8, 13
құжаттар 7, 11
суреттер 5, 11
файлдар тым үлкен 24
электрондық поштаға 8, 12
сканер параметрлерін қалпына келтіру 21
сканер түймешіктері ақаулықтарды жою 22
суреттер
бұлтқа сканерлеу 8, 13
сканерлеу 5, 11
электрондық поштаға сканерлеу 8, 12
сызбалар
сканерлеу 5, 11
сынапты тастау 29

T

тазалау
сканер әйнегі 15
температура
сипаттамалары 28
техникалық қызмет жабдықтарына тапсырыс беру 18
техникалық сипаттама қоршаған орта 28
сканер 27
тұтынушыларды қолдау веб-тораптар 30
түймешіктер
туралы 3, 10
түймешіктер, алдыңғы тақта параметрлер 4, 11
түймешіктер, сканер ақаулықтарды жою 22

тіркемелер, бұлт 8, 13
тіркемелер, электрондық пошта 8, 12

Ф

физикалық сипаттамасы 27
фотосуреттер
сканерлеу 5, 11

Ш

шектеулі материалдар 29

Ы

ылғалдылық
сипаттамалары 28

Э

экрандағы анықтама 14, 25
электрондық поштаға сканерлеулер 8, 12

С

Care Pack қызметтері 31
Сору (Көшіру) түймешігі 3, 9, 10, 14

Е

E-mail (Электрондық пошта) түймешігі 3, 10
Energy Star 27

Н

HP Care Pack қызметтері 31
HP Photosmart
параметрлер 4, 11
HP Сканерлеу
бағдарламалық құралы
сканерлеу бағдарламалық құралы 3, 9

I

ICA
орнынан сканерлеу 14

O

OCR
ақаулықтарды жою 22

P

PDF, пішіміне сканерлеу 7, 12

PDF түймешігі 3, 10
Photosmart
жою 20
параметрлер 4, 11

S

Scan (Сканерлеу) түймешігі 3, 5, 7, 10, 11
Scan to E-mail (Электрондық поштаға сканерлеу) түймешігі 3, 10
Scan to PDF (PDF пішіміне сканерлеу) түймешігі 3, 7, 10, 12

T

TWAIN
құралынан сканерлеу 9

U

USB кабелі
ақаулықтарын жою 19
сақтық 26



L2734-90011

